



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Халықаралық коммерциялық
дауларды шешу



Халықаралық коммерциялық дауларды шешуде құқықтық, коммуникациялық мәселелер туындап жатады. Кез келген компания шетелдік серіктестерімен келіспеушіліктер туындаған жағдайда дау-дамайларды қалай шешуге болады, дәлелдемелер қалай жиналады, оған қанша шығындар кетуі мүмкін деген сияқты мәселелерді алдын ала қарастырып алу керек.

Халықаралық коммерциялық дауларды шешу мәселесінде негізгі үш сұрақ қарастырылуы керек:

1. Трансұлттық сот талқылауларының баламалары қандай? Ол қанша қаражатты қажет етеді? Оның ішіне заңгерлерді жалдау, соттық баж салықтарын төлеу, дәлелдемелерді жинауға және өзге де транспорттық шығындар;

2. Болашақ дауды қайда шешуге болады?

3. Халықаралық бизнес субъектілері дауды қандай мемлекеттің заңына сәйкес шешуі керек?

4. Соттың шешімі қалай жүргізіледі? Сот шешімі бойынша іс-әрекеттер қалай жасалады? Егер жауапты сот шешімін орындаудан бас тартса қандай салдары болуы мүмкін?

Кез келген дауды шешуде халықаралық арбитраж халықаралық сотқа танымал жолдарды пайдаланады. Тараптар келісім жасаған кезде қандай халықаралық арбитражды таңдайды және ол қандай халықаралық құқықтық жүйені пайдаланады, құқықтық іс қай елде қаралу керек деген мәселелерді алдын ала шешіп алу керек. Жауапкер сот шешімін орындаудан бас тартқан жағдайда, жауапкердің азаматтығына сай мемлекеттің үкіметіне арыз жазу арқылы туындаған мәселені шешуге болады. Бұдан бөлек, халықаралық сот ісі қаралатын кезде үш мәселе алға тартылады.

Шетел компаниясына қарсы сот ісін қалай бастау керек? Арызды кімге және қай тілде жазу керек? Сот процесі басталғаннан кейін, тараптар дәлелдемелерді қалай жинай алады? Дәлелдемелерді жинау мүмкіндігі болады ма? Егер сот ісін жеңген жағдайда, оны басқа елде қалай жүзеге асыруға болады? Сот шешімін жүзеге асыру үшін қандай іс-әрекеттер жасау керек?

Сот ісін бастау үшін сол туралы респондентке хабарлау керек. Халықаралық бизнес субъектісі серіктесінің үстінен арыз жазған уақытта, оны өзінің мемлекетінің профильдік сала органы арқылы хабардар етуіне болады, яғни арызды өз мемлекетінің үкімет органына береді, ол орган арызды халықаралық арбитраж хатшысына жолдайды. Кейбір халықаралық істер аяқталғаннан кейін жауапкер сот шешімін орындаудан бас тартады. Себебі уақытында хабарланбаған деп көрсетілетін жағдайлар көп кездеседі. АҚШ-та сот шешімі көрсетілген түбіртектегі электронды пошта арқылы жіберсеңіз де, хабарлама жеткізілді деп саналады. Жалпы, хабарлама жеткізу тәртібі 1965 жылғы Гаага конвенциясымен реттеледі. Бұл конвенцияға сәйкес адресаттарға хабарламалар уақытында жеткізілуге жан-жақты жағдай жасалынуы тиіс. Келісімге қатысушы кез келген мемлекет осындай хабарламалардың уақытында жеткізілуін қадағалайтын арнайы орган тағайындайды.

Қазақстан Республикасында 2015 жылы Азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот және соттан тыс құжаттарды жеткізуді реттеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы заң қабылданды. Осы заң бойынша хабарлама Қазақстанға жеткізілген соң қазақ және орыс тілдеріне аударылып қажетті адресатына жолданады. Кез келген істі тараптарды хабардар етпейінше бастауға болмайды. Осы орайда АҚШ-та шетелдіктің егемен иммунитеттері туралы заңы бар. Шетел азаматтары сотқа қатысты хабарлама алмаған жағдайда, сот ісіне қатыспаған жағдайда сот шешімін орындамауға құқылы.

Дау-дамайларды қарастыру юрисдикциясы. Бұл жерде ыңғайсыз форум қағидасы қарастырылады. Ол қағидаға сәйкес істің мәні Еуроодаққа қатысты болса, ол іс мысалы АҚШ аумағында емес ыңғайына қарай Еуроодақ сотында қаралатын болады. Юрисдикция іс бойынша қалыптасқан мемлекетте істі қарауға ұйғарады, яғни сот ісіне байланысты дәлелдемелерді қай мемлекеттен жинау керек, сол мемлекеттің соты істі қарау керек деген қағида қалыптасқан. Сот жауапкердің арызы бойынша істі жауап берушінің таңдаған сотына бағыттауы мүмкін.

Халықаралық коммерциялық даулар бойынша тергеуді жүргізу. Сот процесі бойынша тергеуді жүргізу немесе шетелден дәлелдемелерді жинау сот процесіндегі қиын әрекеттердің бірі. Бұл процесті шешу үшін шетелге бару мәселесін Гааганың 1970 жылы 18 наурызда



қабылданған конвенциясы реттейді. Азаматтық немесе коммерциялық істерге байланысты дәлелдемелер жинау үшін шетелге бару және оған жағдай жасау қарастырылған. Бұйрық сол дәлелдемелерді алу үшін пайдаланылады.

Сұрау салу бойынша хаттар. Сұрау салу мемлекеттік орталық органдарына жіберілуі мүмкін. Осы жағдайда кез келген органның медиациясымен жіберуге жол берілмейді. Сұрау салу хаты орталық органға жолданғаннан кейін, респонентке іздеу салу жүргізілуі тиіс.

Халықаралық бизнес транзакциялары бойынша сотта істі қарау мәселесі шетелдік мемлекетте тергеу жүргізілген жағдайда сот ісі сол мемлекеттің заңы бойынша жүргізіледі. Арыз беруші азамат мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі сот істеріне қатыса алады. Егер сот ісін жүргізуші мемлекет дипломатиялық өкілдікке дәлелдемелер жинауға рұқсат бермесе, ол өкілдік өз бетінше дәлелдемелер жинауға құқы жоқ. Наразылық білдіруші тараптың дипломатиялық өкілдігі сот ісін жеңілдету үшін келесі жағдайда процеске қатыса алады: өкіл өз функцияларын орындайтын мемлекеттің тағайындалған құзыретті органы оған жалпы сипаттағы немесе белгілі бір жағдайда рұқсат берілген жағдайда. Өкілетті орган өзінің рұқсатнамасында көрсетілген шарттарды сақтауға міндетті.

Сот шешімдерін орындау. Ұлттық мемлекеттердегі сот шешімі орындалмай жатқан жағдайда мемлекеттердің ішіндегі сот орындаушылары осы мәселемен айналысады. Халықаралық соттардың шешімдерін орындау үшін сот процесінде шешім шығарылғаннан кейін жеңімпаз кейде сот шешімі шығарылған елде талапкердің қаражатының болмауынан оны орындату мүмкіндігі болмайды. Жауапкердің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда оның өз еліндегі жекеменшігін алуы мүмкін. Халықаралық сот шешімдерінің орындалуын кейбір халықаралық келісімдер де қадағалап отырады. Мысалы, Азаматтық және коммерциялық істер бойынша юрисдикция және сот шешімдерін орындау туралы 1988 жылғы 16 қыркүйекте қабылданған Лугано конвенциясы, Азаматтық және коммерциялық даулардағы соттардың заңдылықтары және олардың орыдалуы туралы 1968 жылғы 27 қыркүйектегі Брюссель конвенциясы, Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы 1958 жылы 10 маусымда Нью-Йоркта қабылданған конвенция.

Тараптар арасындағы келісімшарттар келесі дауларда негізгі рөл атқарады. Халықаралық соттар істі қарау барысында тараптардың арасында жасасқан келісімдерде қандай мәселелер қарастырылған, олардың шешу жолдары қалай көрсетілген деген сияқты мәселелерді басшылыққа алады. Сонымен қатар, әрбір мемлекетте халықаралық сауда бойынша дауларды шешудің өзіндік ережелері болады. Мысалы, Венгрияның халықаралық саудада дауларды шешу ережелеріне сәйкес сатып алу, сату бойынша даулар туындаған жағдайда дау сатушының мемлекетінде шешіледі. Ал лизинг шарты бойынша қандай да бір халықаралық дау туатын болса, ол лизинг берген мемлекеттің заңымен шешіледі. Егер сотта шешілетін мәселе қаржы банктерінен алынған несиеге қатысты болса, ол іс несиені берген банктің орналасқан мемлекетіндегі заңға сәйкес қарастырылады. Ал еңбек шарты бойынша туындаған даулар бойынша қызмет келісімшарт бойынша бір мемлекеттің төңірегінде болса, сол мемлекеттің заңымен, ал егер екі мемлекетте қызмет көрсетілетін болса, онда жұмыс берушінің орналасқан жеріндегі мемлекеттің сотында шешіледі.